

Жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған жария шарт

Аксу қаласы

2023 ж. «25» тамыз

Аксу қаласы Аксу қаласы әкімдігінің, «Аксу қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Теплосервис-Аксу» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының директоры Кумар Даниярович Ибраев атынан Жарғы негізінде әрекет ететін бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын бір тараптан және осы шарт негізінде әрекет ететін тұрмыстық тұтынуши (Павлодар облысы, Аксу қаласы, Аксу шағынауданының тұрғындары), жылу энергиясын, ыстық суды алатын және оларды тұрмыстық тұтынуға пайдаланатын бұдан әрі «Тұтынуши» деп аталатын екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар» деп аталатын мына төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

- 1.1. Есеп айырысу кезеңі – тұтынылған жылу энергиясы есепке алынатын және Тұтынушиға төлемге ұсынылатын жылу энергиясына арналған шартпен айқындалатын уақыт кезеңі (күнтізбелік ай);
- 1.2. Жылу энергиясы үшін есеп айырысу – Тұтынушиның Өнім беруші берген төлем құжаты негізінде есеп айырысу кезеңі аяқталған соң тұтынылған жылу энергиясы үшін төлемақысы;
- 1.3. Жылумен жабдықтау жүйесі – жылу өндіру, жылу беру және жылуды тұтыну құрылғыларынан тұратын жиынтық;
- 1.4. Жылу тұтыну құрылғысы – жылу энергиясын Тұтынушиның кажеттіліктері үшін жылу энергиясын, жылу жеткізгішті пайдалануға арналған құрылғы;
- 1.5. Жылу желісі – жылу энергиясын беруге, таратуға арналған құрылғылар жиынтықы;
- 1.6. Жылу жеткізгіш – жылу энергиясын беруге арналған жылумен жабдықтау жүйесінде пайдаланылатын зат (су, бу);
- 1.7. Жылу энергиясы – тұтыну кезінде жылу жеткізгіштің термодинамикалық параметрлері (температура, қысым) өзгеретін жылу жеткізгіш беретін энергия;
- 1.8. Өлшеу құралдарын тексеру – өлшеу құралдарының белгіленген техникалық және метрологиялық талаптарға сәйкес келуін анықтау және растау максатында мемлекеттік метрологиялық қызмет немесе баска аккредиттілген заңды тұлғалар орындағын операциялар жиынтықы;
- 1.9. Өнім беруші – жылу энергиясын Тұтынушиларға сатуды жүзеге асыратын ұйым;
- 1.10. Тараптардың пайдалану жауапкершілігін болу шекарасы – жылу тұтынатын құрылғылардың және/немесе желінің тенгерімдік тиесілігі бойынша немесе тараптардың келісімімен айқындалатын жылу тұтынатын құрылғыларды және/немесе Тараптар желілерін болу нүктесі (сызығы), көп пәтерлі тұрғын үйлердегі тұтынуши мен энергия беруші немесе энергиямен жабдықтаушы ұйым арасындағы пайдалану жауапкершілігінің шекарасы басқару торабының кіріс ысырмаларының бірінші болу фланеці бойынша айқындалады (Элеватор);
- 1.11. Тенгерімдік тиесілік шекарасы – жылу желісінің тенгерімдік тиесілігі бойынша анықталатын энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен Тұтынуши арасындағы, сондай-ақ Тұтынуши мен косалқы тұтынуши арасындағы жылу желісін болу нүктесі;
- 1.12. Төлем құжаты – Өнім беруші есепке алу аспаптарының накты көрсеткіштерінің негізінде жазған, ал ол болмаған немесе уақытша бұзылған жағдайда, есептеу жолымен - оның негізінде Тұтынуши тұтынған жылу энергиясы үшін төлемақы жүргізетін құжат (шот, хабарлама, түбіртек, ескеरту шоты);
- 1.13. Тұтынуши – реттеліп көрсетілетін қызметтерді пайдаланатын немесе пайдалануға ниеттенетін жеке немесе заңды тұлға;
- 1.14. Ұәкілдік органның ведомствосы – табиғи монополиялар салаларындағы басшылыкты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы.
- 1.15. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар - Аксу қаласы әкімдігінің, «Аксу қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Теплосервис-Аксу» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

2-тарау. Шарттың нысанасы

- 2.1. Өнім беруші баланстық тиесілігін ажырату актісіне сәйкес шартта белгіленген гигакалорияда Тұтынушиға жылу энергиясын ыстық суда меншікті желілері бойынша жабдықтайты.
- 2.2. Өнім беруші баланстық тиесілілігі мен пайдалану жауапкершілігін болу шекарасына дейін Өнім берушінің жылу желілері арқылы Тұтынушиға жылу энергиясын жабдықтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға міндеттенеді, ал Тұтынуши жылу энергиясын кабылдауға және төлеуге қызметтер көрсетуге міндеттенеді, сондай-ақ осы Шартта көзделген шарттарда оның бакылаудағы пәтерішлік желілерді пайдалану каяіпсіздігін және өзі пайдаланатын құрылғылардың және жылу энергиясын тұтынуға байланысты жабдықтардың жұмыска жарамдылығын камтамасыз етеді.

Бұл ретте тұтынушыға жеткізілетін жылу энергиясының параметрлері (сапасы) тараптардың тенгерімдік тиесілілігінің шекарасында орнатылған бакылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады және ұлттық стандарттарда және энергетика саласындағы өзге де нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген талаптарға, сондай-ақ Өнім беруші жасаған және жергілікті аткаруыш органдармен келіслеген температуралық кестеге сәйкес келуге тиіс.

Өнім беруші Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің, стандарттарының және нормативтік техникалық құжаттарының колданыстағы талаптарына сәйкес Тұтынушыға жылу энергиясын қажетті нормативтік шамаларда, тиісті сапада, үй-жайларды жылытуға беруге және тұрмыстық қажеттіліктерге ыстық суды пайдалану үшін міндеттенеді, ал Тұтынушы өзі кабылдаған Тауардың ақысын осы шартта белгіленген тәртіпте уақтылы төлеуге міндеттенеді.

3. Көрсетілетін қызыметтерді ұсыну шарттары

3.1. Өнім беруші жылу энергиясын босатуды, тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, үздіксіз жүргізеді.

3.2. Тұтынушының тұтынатын жылу энергиясының жүктемесі мен мөлшерін, алынған техникалық шарттардағы мәлімделген және тіркелген жобалық шамалардан асырмай, бірақ Шартта көрсетілгеннен асыруына Тұтынушының өтінімі бойынша Өнім берушінің рұқсатымен жол беріледі, бұл ретте Шартка тиісті өзгерістер енгізіледі.

3.3. Тұтынушы Өнім берушігі Шартта айқындалған талаптармен жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызыметтерге ақы төлеуге, сондай-ақ жылу энергиясын тұтыну режимі мен осы Шартта көзделген баска талаптарды сактауға міндеттенеді.

3.4. Өнім беруші Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 211 бұйрығымен бекітілген Жылу энергиясын пайдалану қағидаларында (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10234 болып тіркелген) және осы Шартта көзделген жағдайларда, оның ішінде мынадай:

1) мемлекеттік энергетикалық бакылау жөніндегі мемлекеттік орган куәландырған жылу тұтыну құрылғыларының канаттанарлықсыз жай-күйі авария қауіпін туғызатын немесе азаматтардың өмірлері мен қауіпсіздіктеріне қауіп төндіретін жағдайда, Тұтынушыны міндетті тұрде хабардар ете отырып және толық жеткізмеген жылу энергиясы үшін кейін қайта есеп айырысу жүргізумен;

2) жылу тұтыну құрылғыларына және (немесе) жылу энергиясын есепке алу аспаптарына олардың техникалық жай-күйі мен пайдалану қауіпсіздігін бакылауды жүзеге асыру үшін Өнім берушінің өкілдерін жібермеген жағдайда, Тұтынушыны кемінде үш тәулік бұрын ескертумен;

3) осы Шарттың 3.6.тармағында көзделген жағдайларда, Тұтынушыны кемінде үш тәулік бұрын ескертіп;

4) жылу тұтыну құрылғылары жүйелерін есепке алу аспаптарын орнату орнына дейін коскан жағдайда;

5) жылу желісіне жаңа қуаттарды өздігінен коскан жағдайда;

6) тараптардың арасында жасалған шарттың талаптарына сәйкес жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі ұсынылған қызыметтер үшін ақы төлемеген, сондай-ақ толық төлемеген жағдайда;

7) жылу тұтыну құрылғыларының және жылу желілерінің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмыс істеуінің техникалық дайындығы актісінсіз және сараптама үйімінің корытындысыз Өнім берушінің жылу желісіне коскан (ескертү жылу энергиясын беруді тоқтатканға немесе шектегенге дейін кем дегенде 3 тәулік бұрын) жағдайларда жылу энергиясын беруді шектейді;

8) авариялық жағдайда;

Өнім берушінің жылу энергиясын беруді тоқтатуы не шектеуі Тұтынушыны ескерту арқылы жүргізіледі:

осы тармактын 4), 5) және 8) тармақшаларында көзделген жағдайларда – дереу;

осы тармактын 1), 2), 6), 7) тармақшаларында көзделген жағдайларда – егер шартта өзгеше көзделмесе, энергиямен жабдықтаушы үйім тұтынушыны жазбаша хабардар еткеннен кейін (хабарлама кою жолымен) немесе жылу энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланбайтын тұтынушыға жылу энергиясын беруді тоқтатканға немесе шектеуге дейін кемінде үш тәулік бұрын тұтынушының электрондық поштасына, факсына хабарлау жолымен.

3.5. Тұтынушы жылу тұтынатын кондырыларды өздігінен коскан, тұтынушы коммерциялық есепке алу аспаптарын закымдаған, есепке лау торабында қойылған пломбаларды бұзған немесе олар болмаған кезде, Өнім беруші акт жасайды және Тұтынушы пайдаланған жылу энергиясының көлеміне қайта есеп айырысу жүргізеді.

Акт Өнім беруші өкілінің және Тұтынушының, не олардың өкілінің колы болған көзде жарамды. Акт Тұтынушы немесе оның өкілі колыңдан бас тартқан көзде де, бірақ оны Өнім берушінің комиссиясы және/немесе құрамында кем дегенде үш адамы бар кондоминиумді басқаратын орган ресімдеген жағдайда, жарамды деп есептеледі.

Бұзушылық актісі негізінде Өнім беруші анықталмаған жылу энергиясының санын анықтайды және Тұтынушыға қайта есептеу сомасын негіздей отырып жібереді. Тұтынушының қайта есептеумен келіспеген жағдайда тараптардың қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен реттеледі.

3.6. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы №211 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Жылу энергиясын пайдалану Қағидаларына сәйкес көзделеді (КР нормативтік-құқықтық актілерін № 10234 мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген), жабдықты жөндеу және

(немесе) жана тұтынушыларды косу жөніндегі жоспарлы жұмыстарды жүргізу қажет болған және резервтік корек болмаган кезде Тұтынушыны ажырату тәртібі Жылу энергиясын пайдалану кагидаларына сәйкес көзделеді.

4. Жылу энергиясын есепке алу

4.1. Тұтынушылардың жылу тұтыну құрылғылары жылу энергиясына есеп айырысу үшін қажетті есепке алу аспаптарымен камтамасыз етіледі. Тұтынушы есепке алу аспаптарын дербес сатып алуға және орнатуға құқылы. Есепке алу аспаптарын Өнім беруші сатып алған және орнатқан жағдайда, Тұтынушы онымен Қазакстан Республикасының табиғи монополиялар туралы қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіpte жылу энергиясын есепке алу аспабын сатып алу мен орнатуға тиісті шарт жасасады. Жылу энергиясын есепке алуға техникалық күжаттамалардың талаптарына жауап беруі тиіс.

4.2. Жылу энергиясын есепке алу үшін үлгілері Өлшем бірліктерін камтамасыз етудің мемлекеттік тізіліміне енгізілген есепке алу аспаптары пайдаланылуы тиіс. Бұл ретте, оларда алғашқы немесе кезеңмен тексерілген туралы осындай тексеруге құқығы бар ұйымның таңбасы болуы қажет.

Есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алуды энергия беруші (энергиямен жабдықташы) ұйымның өкілдері Тұтынушының не оның өкілінің катысуымен, ал көрсеткіштері кашықтықтан алышатын есепке алу аспаптарын орнаткан жағдайда Тұтынушының катысуының жүргізеді.

Бұл ретте, Тұтынушы қағаз тасығышта басып шығаруға немесе есепке алу аспаптары көрсеткіштерінің электрондық нұсқасын алуға құқылы.

Тұтынушының кінасінан есепке алу құралдарының көрсеткіштерін алуды мүмкін болмаган кезде және егер бұл ретте тұтынушы энергия беруші ұйымға өзі жұмсаған жылу энергиясының мөлшері туралы мәліметтерді ұсынбаса, энергиямен жабдықташы ұйым нақты тұтыну бойынша кейіннен кайта есептеуді жүргізе отырып, өткен жылдың осындай кезеңінде Тұтынушының жылу энергиясының орташа тәуліктік шығысы бойынша көрсетілген кезеңдер үшін есеп айырысады жүргізуге құқылы. Тұтынушының кінасінан есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алудың мүмкін болмауы Өнім берушінің журналында тиісті жазбамен расталады.

4.3. Есепке алу аспаптарын кезеңмен тексеруді, жөндеуді және оған техникалық қызмет көрсетуді энергия беруші ұйым не осындай қызмет түріне рұқсаты бар өзге мамандандырылған ұйым Тұтынушымен жасалған жеке шарт бойынша жүзеге асырады.

Тұтынушы есепке алу аспаптарын тексеру, жөндеу және оған техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізу үшін мамандандырылған ұйымды өзі таңдауға құқылы.

4.4. Тараптар өз тенгерімдеріндегі есепке алу аспаптарына тиісті метрологиялық стандарттарда көзделген мерзімдерде өз есептерінен метрологиялық тексеру жүргізеді.

Тараптар талап етуші тараптың есебінен жүргізілетін косымша тексерулер жүргізуі талап ете алады.

4.5. Өнім беруші жеткізген және Тұтынушы алған жылу энергиясының мөлшері есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады. Тұрмыстық тұтынушыларда есепке алу аспаптары болмаган кезде, төлем мөлшері реттеліп көрсетілген коммуналдық қызметтерді есепке алу аспаптары жок тұтынушылар үшін Қазакстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар каланың, астананың әкімдіктері бекіткен нормалар бойынша айқындалады және Қазакстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітеді.

4.6. Егер Шартта өзгеше көзделмесе, жылу энергиясын босатуды есепке алу тараптардың тенгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасында жүргізіледі. Есепке алу аспаптары тараптардың тенгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасында орнатылған жағдайда, бөлу шекарасынан есепке алу аспаптары орнатылған жерге дейінгі желі участекіндегі ысыраптар желінің атаптасынан тенгерімдік тиесілілігінде тұрган иеленушіге жатады.

Жылу ысыраптарын есептеуді немесе жылу ысыраптарына сынақты энергия беруші ұйым Тұтынушымен бірлесіп жүргізеді.

4.7. Жабдықтардың техникалық жай-күйі үшін жауапкершілік және тұтынушының меншігіндегі, оның ішінде тұтынушылардың ортақ меншігіндегі жылу желілерінің қауіпсіздігін камтамасыз ету тұтынушыларға жүктеледі және тенгерімдік тиесілілігінің шекарасы бойынша анықталады.

Жылу энергиясын есепке алу аспаптарының сакталуына жауапкершілік оның иесіне жүктеледі және тенгерімдік тиесілілігінің шекарасы бойынша анықталады.

Кондоминиумды басқару органы жылу тұтыну құрылғыларына қызмет көрсетуді дербес немесе мамандандырылған ұйыммен шарт бойынша жүргізе алады.

4.8. Есепке алу аспабы істең шықкан жағдайда энергиямен жабдықташы ұйым көрсетілген кезеңдерге есепке алу аспаптары жок Тұтынушылар үшін жылумен жабдықтауды тұтыну нормасы бойынша, бірақ бір айдан аспайтын мерзім ішінде есеп айырысу жүргізеді, осы уақытта есепке алу қалпына келтірілуі тиіс.

Егер есепке алу аспабын көрсетілген мерзімде қалпына келтіру мүмкін болмаган жағдайда, есептеу тәртібі және есептеуді қалпына келтіру мерзімдері тараптардың жеке келісімімен белгіленуі тиіс.

4.9. Коммерциялық есепке алу аспаптарын ұрлаған немесе сындырған жағдайда сактауга жауапты адам, Шартта өзгеше көзделмесе, отыз күн мерзімінде коммерциялық есепке алу аспабын қалпына келтіруге міндетті. Есепке алу аспаптарын қалпына келтіргенге дейін Тұтынушы оны жылу желісіне косуды талап етуге құқылы.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

5.1. Тұтынушы:

5.1.1. жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша сатып алуға;

5.1.2. осы Шартта белгіленген көлемде және мерзімдерде белгіленген сападагы көрсетілетін қызметтерді алуға;

5.1.3. тараптардың келісімі бойынша кәсіпкерлік мақсат және түрмистық тұтыну үшін кажетті мөлшерде жылу энергиясын алуға;

5.1.4. Өнім берушіден Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінін) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгеруі туралы ақпаратты алуға;

5.1.6. Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес үздіксіз циклдағы өндіріске байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде жылу энергиясын үздіксіз алуға;

5.1.7. Өнім берушіден жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметке ақы төлеуді қайта есептеуді және жасалған шарттың талаптарына сәйкес жылу энергиясын толық жеткізуеден немесе сапасыз жеткізуден келтірген накты залалды өтеуді талап етуге;

5.1.8. Өнім берушіден накты сырткы ауа температурасын ескере отырып төлемі бойынша, жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің төлемі бойынша қайта есептеуді талап етуге;

5.1.9. Шартты жасасуға және орындауга байланысты даулы мәселелерді шешу үшін уәкілдепті және (немесе) сот органдарына жүгінуге;

5.1.10. жария тыңдауларга катысуға;

5.1.11. Өнім берушінің хабардар еткен және Өнім беруші ұсынған қызмет көлемі бойынша толық ақы төлеген жағдайда Шартты біржакты тәртіппен бұзуға;

5.1.12. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға;

5.1.13. Өнім берушінің накты ұсынған қызметтеріне ақы төлеген жағдайда күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей Өнім берушігө жазбаша хабарлап, біржакты тәртіппен Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте, жылыту жүйесі көппәтерлі үйдің жалпы жылыту жүйесінің бір бөлігі болып табылатын жеке үй-жай иесінің жылу энергиясымен жабдықтауға жасалған Шарттан біржакты бас тартуына жол берілмейді.

5.2. Тұтынушы:

5.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Өнім берушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша ұсынған қызметтеріне уақытылы және толық көлемде ақы төлеуге;

5.2.2. пайдаланатын желілердің, аспаптар мен жабдықтардың техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін тиісті дәрежеде қамтамасыз етуге, энергия тұтынудың белгіленген режимін сактауга, сондай-ақ Өнім берушігө авариялар, өрттер және энергияны пайдалану кезінде туындайтын өзге де бұзушылықтар туралы дереу хабарлауға;

5.2.3. Өнім берушігө есепке алу аспаптарының істен шыққаны немесе жұмыс режимінің және жұмыс істеу жағдайларының бұзылғаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлауға міндетті, олай болмаған жағдайда есепке алу аспаптары тиісті құжаттармен расталған олардың соңғы тексерілуі кезінен бастап істен шыққан болып есептеледі;

5.2.4. жоспарлы жөндеулер, авариялық-қалпына келтіру жұмыстары жағдайларынан басқа, жылу тұтыну құрылғыларын пайдалануға косқанға дейін және әрбір жылыту маусымының алдында Өнім беруші берген техникалық дайындық актісін ресімдеу үшін іс-шаралар кешенін жүргізуге;

5.2.5. желілердің, аспаптар мен жабдықтардың техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін жылу энергиясын есепке алу аспаптарына және жылу тұтыннатын құрылғыларға Өнім беруші және Мемлекеттік энергия бақылау өкілін кедергісіз жіберуді қамтамасыз етуге;

5.2.6. Шартты бұзу кезінде есеп айырысуларға салыстыру жүргізу және Өнім берушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша накты ұсынған қызметтері үшін борышын өтеуге міндетті.

5.3. Өнім беруші:

5.3.1. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы №211 бұйрығымен бекітілген (КР нормативтік-құқықтық актілерін № 10234 мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген), Тұтынушылардың сактауы үшін міндетті техникалық талаптарды белгілеуге Қазақстан Республикасының Жылу энергиясын пайдалану Қағидаларына сәйкес көзделеді;

5.3.2. Жылу энергиясын пайдалану қағидаларында белгіленген тәртіппен есепке алу аспаптарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге және оларды салыстырып тексеруді үйімдастыруға;

5.3.3. осы Шарттың 3.4-тармағында көзделген жағдайларда және тәртіппен Шарттың орындалуын біржакты тәртіpte тоқтата тұруға;

5.3.4. Тенгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасына дейін орналаскан желілердің және закымданған жабдықтың, барлық авариялық жағдайлар туралы сенімді ақпаратты алуға;

5.3.5. Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін ақы алуға;

5.3.6. уәкілдепті орган бекіткен тәртіpte тарифтердің колданылуы кезеңінде жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді төмендетуге;

5.3.7. Қазақстан Республикасының колданыстағы азаматтық заңнамасында белгіленген өзге де іс әрекеттерді жасауға құқылы.

5.4. Өнім беруші:

5.4.1. жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің барлық тұтынушылары үшін тен жағдайлар ұсынуға;

5.4.2. жылу желілерінің тенгерімдік тиесілілік шекарасында осы Шартта берілген жылу энергиясының параметрлерін ұстауға;

5.4.3. жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға Тұтынушымен Шарт жасасуға;

5.4.4. Тұтынушылардан жылу энергиясымен жабдықтау бойынша көрсетілген қызметтерді ұсынғаны үшін телемдерді, оның ішінде қазіргі заманғы акпараттық-техникалық құралдарды пайдалана отырып кабылдауды камтамасыз етуге;

5.4.5. Тұтынушыға белгілеген сапаға сәйкес, сондай-ак Шарттың талаптарында белгіленген тәртіpte және мерзімдерде жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға;

5.4.6. жасалған Шарттың талаптарына сәйкес жылумен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтер құнына кайта есептеу жүргізуға және жылу энергиясын толық жеткізуден немесе сапасыз жеткізуден келтірген накты залалды өтеуге, үекілді орган бекіткен сыртқы ауаның накты температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау жөніндегі қызметтердің құнын кайта есептеу әдістемесіне сәйкес сыртқы ауаның накты температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау жөніндегі қызметтердің құнын кайта есептеу нәтижелері бойынша тұтынушыларға қаражатты қайтаруды жүзеге асыруға;

5.4.7. Тұтынушымен жеткізілетін жылу энергиясын есепке алуды және оның сапасына бакылауды жүргізуғе, жылу энергиясының сапасы бұзылуының алдын алу және оны жою жөнінде уақытылы шаралар кабылдауға;

5.4.8. осы Шартта көзделген жағдайлардан басқа жағдайларда, жылу энергиясымен жабдықтауда үзілістерге жол бермеуге;

5.4.9. тарифтердің (багалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгеруі туралы акпаратты Қазақстан Республикасының табиги монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде Тұтынушының назарына жеткізуғе;

5.4.10. Тұтынушылардан жылу энергиясымен жабдықтау бойынша көрсетілген қызметтерді ұсынғаны үшін телемдерді, оның ішінде қазіргі заманғы акпараттық-техникалық құралдарды пайдалана отырып кабылдауды камтамасыз етуге;

5.4.11. тұтынушы өкілдерінің катысуымен жылу энергиясын есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алуга не энергия беруші ұйым өкілдерінің катысуымен көрсеткіштерді алуды не есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін кашыктыктан алуды камтамасыз етуге міндетті.

6. Тараптарға қойылатын талаптар

6.1. Тұтынушыға жол берілмейді:

6.1.1. ішкі кварталдық желілерді, инженерлік жабдықты және құрылғыларды қайта жабдықтауға, Орындаушының келісімінсіз реттегіш және бітіме арматураны, сондай-ак қауіпсіз пайдалану талаптарына және нормативтік құжаттарда белгіленген басқа да талаптарға жауап бермейтін жабдықты орнатуға, косуға және пайдалануға;

6.1.2 қолдағы бар жылу энергиясын есепке алу схемасын бұзуга;

6.1.3. жылышту жүйелеріндегі жылу тасығышты өзінің мақсаты бойынша тікелей пайдаланбауға тыйым салынады;

6.1.4. жылу құралдарының қосымша секцияларын, жапқыш және реттеуші арматура мен циркуляциялық сорғыларды белгілеуге және/немесе алып тастауға.

6.2. Тараптарға тараптардың құқыктарын шектейтін не Қазақстан Республикасының заңнамасын өзге турде бұзатын іс-әрекеттер жасауға тыйым салынады.

7. Есеп айырысу тәртібі

7.1. Тұтынушы Өнім берушінің жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді Қазақстан Республикасының табиги монополиялар туралы заңына сәйкес бекіткен тарифтер бойынша Аксу қаласы әкімдігінін, «Аксу қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Теплосервис-Аксу» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны Қазақстан Республикасы, 140100, Аксу қаласы ЖСК KZ 498562203113681638 Кбе 16, Аксу қаласы «Банк Центр Кредит» АҚ БСК КСЛВКЗКХ БСН 091240008625 есеп айрысу шотына жүргізеді.

7.2. Тұтынушы Өнім берушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша ұсынған накты қызметтеріне ақы төлеуді есеп айырысудан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей есепке алу аспаптарының көрсеткіштеріне сәйкес жүргізеді.

7.3. Өткен кезеңдер үшін берешегі болған кезде, төлемакы бірінші кезекте осы берешекті өтеуге жіберіледі.

7.4. Тұтынушы есеп айырысу кезеңі үшін іс жүзіндегідін артық сома төлеген жағдайда, осы артық айырма келесі есеп айырысу кезеңінің авансстық төлеміне автоматты тұрде (не тараптардың келісімі бойынша Өнім берушінің алдындағы Тұтынушының өзге де міндеттемелері бойынша берешегін өтеу есебіне, егер осындай

болса) есептеделді. Егер Тұтынушы Өнім берушінің келесі есеп айырысу кезеңіндегі қызметтерінен бас тартса, артық төленген сомалар кайтарылады, Тұтынушының Өнім берушінің алдындағы баска да міндеттемелері бойынша берешегін өтеуге жұмсалатын сомаларды коспағанда (егер осында болса).

7.5. Егер бақылау-өлшеу аспаптарының ақаулығының нәтижесінде және баска да жағдайларда шоттарға түзету енгізу қажет болған жағдайда Тараптар кейінгі есеп айырысу кезеңдерінде шоттарға түзету енгізеді.

7.6. Төлем құжатында көрсетілген деректемелер бойынша Өнім берушінің ағымдағы шотына ақша аудару Өнім берушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтеріне акы төлеу жөнінде Тұтынушының міндеттемелерін орындауы деп танылады.

7.7. Өнім берушінің жылу энергиясын жабдықтау бойынша қызметтерді төлеу шот-фактурасы Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес, есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдын жиырмасынышы жүнінен кешіктірмей Тұтынушыға жазылып беріледі.

8. Дауларды шешу тәртібі

8.1. Жылу энергиясын беруді токтату уақыты, сондай-ақ оның сапасының нормативтік-техникалық құжаттамалардың талаптарына сәйкес келмеуі уақыты (күні, сағаты) көрсетіліп, кейін жылу энергиясын тиісті сапада беруді калпына келтірудін уақыты (күні, сағаты) белгісі койылып, Өнім берушінің диспетчерлік қызметінің журналында белгіленуі қажет.

8.2. Жылу энергиясын берудегі үзіліс кезінде немесе тиісті сападағы жылу энергиясын бермеу кезінде Тұтынушы бұл туралы Өнім берушіні өзі (өтініммен) немесе міндетті түрде берілген уақыты, күні және берген және қабылдаған адамдардың тектері көрсетілген өтініммен хабардар етеді. Өтінімде тауар сапасының нашарлай бастауының (болмауының) уақыты, нашарлау сипаты және Өнім беруші өкілінің болуының кажеттілігі (егер жылу энергиясы сапасының нашарлауы немесе оны берудегі үзілісті Өнім беруші журналда тіркемесе) көрсетіледі.

Тұтынушы өзі өтініш берген жағдайда өтінімнің көшірмесі болуы тиіс, онда түсінін тіркеу кезінде тіркеу нөмірі, өтінімді беру күні мен уақыты, Өтінім берушінің қабылдан алған өкілінің колы койылады. Жылумен жабдықтау токтаган кезде өтінім дереке, параметрлері нашарлаған кезде - ауытқу басталған сәттен бастап бір тәуліктен кешіктірмей беріледі.

8.3. Өнім беруші өтінімде көрсетілген тауар сапасының ауытқуы, Тұтынушыларға оны берудегі үзілістер туралы журналдағы белгілерді салыстырады және келіспеушіліктер болмаған жағдайда параметрлердің есептіден орта тәуліктік ауытқуына сүйене отырып, тауар құнының кайта есептеуді оны накты тұтынуына сәйкес жүргізеді.

8.4. Өнім берушінің жылу энергиясын бермеу немесе сапасы төмөн тауар (жылу энергиясын) ұсыну фактісін күеландырудан бас тартқан жағдайда Тұтынушы:

тауарды беруден бас тартудың (ажыратудың) немесе оны сапасыз берудің басталған уақыты;

тауар сапасы нашарлауының сипаттамасы;

өтінім берудін уақыты және оның тіркеу нөмірі (Өнім берушінің журналы бойынша);

жылу энергиясын беруді қалпына келтіру уақыты (оның сапасының кальпқа келуі);

тауардың болмау (сапасының нашарлау) кезеңі көрсетілген жазбаша өтініш жазуға құқылы.

Өтінішке Тұтынушы, Тұтынушының жылу шаруашылығына жауапты адам, екі тәуелсіз күә кол кояды да, Өнім берушігө жіберіледі. Егер дау реттелмесе, Тұтынушы атом энергиясын пайдалану және электр энергетикасы салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын органдарға немесе сотқа талап арыз беруге құқылы.

8.5. Желілік судан өз бетімен су таратқан, тұтынушы өз бетімен жылуды тұтыну құрылғыларына косылған, тұтынушының коммерциялық есепке алу аспаптарын бұзған, есепке алу торабында орнатылған пломба бұзылған немесе ол болмаған жағдайларда энергия беруші және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйымдар акті жасайды және тұтынушы пайдаланған жылу энергиясы көлеміне екі есе мөлшерде кайта есеп айырысу жүргізіледі.

Іштік су бойынша кайта есеп айырысу бір жылдан аспайтын кезеңге жүргізіледі, ал жылышты желілері үшін жылышты кезеңінің басынан осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген окиға анықталған сәтке дейін жүргізіледі.

Акт энергия беруші ұйым өкілінің және тұтынушының не оның өкілінің колдары болған кезде жарамды болады. Акт тұтынушы не оның өкілі қол коюдан бас тартқан жағдайда жарамды болып табылады, бірак оны энергия беруші және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйымның комиссиясы және (немесе) құрамы үш адамнан тұратын кондоминиумды басқару органы рәсімдеуі тиіс.

9. Тараптардың жаупкершіліктері

9.1. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін Өнім беруші және Тұтынушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

9.2. Тараптар жылу энергиясын тұтынуға байланысты меншікті (пайдалану, басқару) жылу желілерінің, аспаптары мен жабдықтарының кауіпсіз жұмыс істеуі және жұмысқа жарамдылығы үшін жауапты болады.

9.3. Шарттың 9-тармағында көзделген жағдайларды коспағанда, шот бойынша акы төлеу мерзімі келген сәтке ол бойынша төлем жасамағаны үшін, Өнім беруші Тұтынушының төленбеген сомалары бойынша төлемді кешіктірғен әрбір күн үшін Тұтынушының ақшалай міндеттемені накты орындау күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген кайта каржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 еседен аспайтын мөлшерінде, бірақ негізгі борыш сомасынан аспайтын тұраксыздық айыбын есептеуге құқылы.

9.4. Тұраксыздық айыбының мөлшерін белгілеу Шарт жасасу кезінде жүргізіледі. Тұраксыздық айыбын есептеу мерзімінің басталуы, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, есеп айрысу кезеңінен кейінгі айдаң бірінші күні болып табылады.

9.5. Тұраксыздық айыбын төлеу тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

10. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

10.1. Тараптар шарт бойынша міндеттемелерді орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін, егер бұл еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жаупкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешкайсысы шығындарды өтеуге құқылы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын айқындайтын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың ешкайсысы Шарт талаптарының орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына әкеп соғатын еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталғанға дейін туындастын шарт бойынша міндеттерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының тиісті үекілді ұйымы растаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу күнін және сипаттамасын нактылайтын жазбаша хабарламаны кейіннен табыс ете отырып не пошта арқылы жібере отырып, бұл туралы бір-біріне хабарлайды.

10.2. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежедеғана тоқтатыла тұруы мүмкін.

10.3. Егер Тараптардың біреуі еңсерілмес құشتің мән-жайлары болған күннен бастап құнтізбелік алпыс күннің ішінде өзінің Шарт бойынша міндеттемелерін орындаі алмайтында жағдайда калса, екінші тарап Шартты бұзу туралы жазбаша хабарламаны жолдай отырып, Шартты бұзууга құқылы.

11. Жалпы ережелер және дауларды шешу

11.1. Жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызмет көрсету шарты жария шарты болып табылады.

11.2. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе Шарттың ережесіне қатысты жалпы немесе қандай да бір мәселеге немесе әрекетке байланысты қандай да бір дау немесе келіспеушілік туындаған жағдайда, Тараптардың кез келгені басқа тарапқа даудың мәнін тольк баяндай отырып, наразылық жолдауға құқылы.

Тараптар келіссөздер арқылы туындаған дауларды реттеу үшін барлық қажетті қүштерін жұмсайды.

11.3. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер сот арқылы шешіледі.

11.4. Тараптардың Шарттан туындастын және онымен реттелмеген қатынастары азаматтық және басқа да Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

11.5. Тараптар заңды мекенжайлары, банк деректемелері, заңды мәртебесі, меншік нысаны және осы шартты орындаған басқа да мән-жайлары үшін маңызы бар өзгерістер болған жағдайда бір-біріне 3 (үш) құнтізбелік күн ішінде жазбаша хабарлауға міндетті . Олай болмаған жағдайда, хабарламасыз немесе уақтылы хабардар етпей туындаған барлық тұғызған шығындар, кінәлі тарапқа жатады.

12. Шартты қолдану мерзімі

12.1. Шарт бұкаралық акпарат құралдарында жарияланған күннен бастап қүшіне енеді және міндетті болып табылады.

12.2. Шарт белгісіз мерзімге (шексіз) жасалған деп есептеледі.

13. Тараптардың заңды мекенжайлары, банк деректемелері және қолдары

Өнім беруші:

Аксу каласы әкімдігінің, «Аксу каласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Теплосервис-Аксу» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

Қазақстан Республикасы, 140100, Павлодар облысы,
Аксу каласы, Вокзальная көшесі, 5
БСН 091240008625

ЖСК KZ 498562203113681638

«Банк ЦентрКредит» АҚ БСК КСКВКЗКХ Кбе 16
e-mail: teploservis-aksu@mail.ru

тел.: (71837) 5-01-30, тел. 6-38-42

Тұтынушы:

Директор



К.Д. Ибраев